

**"Тауарлық және сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 593 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 қарашада № 12307 болып тіркелді

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10120 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 74 (28552) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларында: 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес әзірленген жоспарланған кезеңге арналған сұйытылған мұнай газының шекті бағасының деңгейі жөніндегі ұсыныстары 2015 жылғы 1 қаңтарға бекітілген тауарлық газдың шекті көтерме бағасының орташа арифметикалық мәнінен төмен болмауы және 2014 жылғы бекітілген ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің ең максималды мәнінен артық болмауы қажет.» ;

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді ;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат

орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

1. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

2. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі *В. Школьник*

«К Е Л І С І Л Д І»  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
*Е. Досаев*

2015 жылғы 22 қазан

Қазақстан			Республикасы
Энергетика			министрінің
2015	жылғы	7	қазандағы
№	593		бұйрығына
қосымша			
Тауарлық	және	сұйытылған	мұнай газын
ішкі	нарықта	көтерме	саудада
өткізудің		шекті	бағаларын
айқындау			қағидаларына
қосымша			

### **Ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің шекті бағасын анықтау**

$$P = (P_w - TR_{exp}) \times K$$

м ұ н д а ,

$P$  – ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің шекті бағасы, бір тоннасы үшін теңге;

$P_w$  – бірінші айының ағымдағы тоқсан үшін күндегі баға белгілеудің орташа

арифметикалық мәні ретінде айқындалатын сұйытылған мұнай газына әлемдік баға, бір тоннасы үшін теңге. Осы тармақтың мақсаттары үшін баға кесу «Argus Media (Russia) Ltd. (Petroleumargus)» компаниясының «Аргус сұйытылған газ және конденсат» ақпарат көзінде жарияланатын ақпараттың негізінде шетел валютасында белорусь-поляк шекарасындағы (СПБТ даf Брест), ал жоғарыда көрсетілген ақпарат көзінде сұйытылған мұнай газына арналған баға туралы ақпарат болмаған кезде – Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында айқындалатын басқа көздердің деректері бойынша сұйытылған мұнай газының бағасын белгіледі білдіреді;

$TR_{exp}$  – Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге сұйытылған мұнай газын өткізу жөніндегі мәмілелердің мониторингі негізінде уәкілетті орган айқындайтын бірінші айының ағымдағы тоқсан үшін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сұйытылған мұнай газын өндіру жөніндегі объектілерден белорусь-поляк шекарасына дейін сұйытылған мұнай газын тасымалдау жөніндегі орташа арифметикалық шығыстар, бір тоннасы үшін теңге;

$K$  – осы коэффициентті есептеу барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мен жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері негізінде алдыңғы өткен күнтізбелік жылда Қазақстан Республикасында жалпы халық саны деңгейіне Қазақстан Республикасында газбен жабдықталған халық саны деңгейінің қатынасын көрсететін түзету коэффициенті.